

СӨЖ



Хирургиялық
деонтология

Қабылдаған: Тулежанов Е.

Орындаған: Асанбаева С.

Тобы: ЖМ-319



Жоспары:



I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

а) Хирургиялық деонтология мен этика

в) Медициналық деонтология

с) Деонтология түрлері

д) Дәрігерлер мен емделуші арасындағы қарым қатынастар

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер



Кіріспе

Хирургиялық этика мен деонтология- медицина қызметкерлеріне жоғары гуманистік, моралдық-этикалық және эстетикалық талаптарды, әрдайым кәсіби деңгейді біліктілікті жетілдіруді, патриотизмді - өз Отанына, халқына шын берілгендікті жетілдіруді, өз ісі мен парызына жауапкершілікті қалыптастырудың және тәрбиелеудің негізі ретінде.

Хирургиядағы этика мен деонтология жалпы этиканың бір саласы ретінде дәрігердің науқасқа, оның туысқандарына, әріптестеріне, кіші медицина қызметкерлеріне, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлеріне қатысты қарым-қатынасы мен іс- әрекеті, мінез-құлық принциптерін қарастырады, сондай-ақ дәрігердің медициналық деонтология қағидаларына сай келуі зерделенеді



- Хирургиялық этика немесе медициналық деонтология- яғни бұл- медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:

ғылыми және практикалық.



Қайырымды
лық

Автономия

Хирургиялық
деонтология

Әділеттілік

Медициналық
көмек



Медициналық қызмет этикасы

Медициналық этика (лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* – адамгершілікті зерделеу), немесе медициналық деонтология (греч. *deon* – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), – яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:

ғылыми – медициналық қызметкерлердің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы;


практикалық – кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндеті болып табылатын медициналық тәжірибие саласы.

Медициналық этика үш негізгі бағыт бойынша тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін зерделейді және шешеді:

- медициналық қызметкер – емделуші,
- медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары,
- медициналық қызметкер – медициналық қызметкер.



Хирургиялық этика үш бағытта



Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ КДО хирургия бөлімшесінде 20 төсек орнымен жабдықталған. Бөлімшеде 8 мамандандырылған дәрігер, 5 мейірбике және 4 кіші қызмекер, 1 шаруа бикесі қызмет атқарады. Хирургия бөлімшесі құрамына: жалпы хирургия, урология, гинекология, пластикалық хирургия кіреді.

Дәрігер хирургтар ересектерге және балаларға жоғары мамандандырылған медициналық көмекті, оталарды, манипуляцияларды, диагностикалық зерттеулердің соңғы тәсілдерін қолданып емдеу жұмыстарын жоспарлы және шұғыл түрде жүргізеді.



ХҚТУ-нің жалпы хирургия кафедрасының оқытушы-профессор құрамымен тығыз жұмыс атқарады. Білім жетілдіру мақсатында Түркия мемлекеті мамандарымен тәжірибе алмастыра отырып хирургия бөлімшесінде ота түрлері жасалынады.

- Ашық түрдегі және Лапароскопиялық оталар. (Өкпе, бауыр, көкбауыр және іш қуысы ағзаларының эхинококкты аурулары; өт-тас ауруларын лапароскопиялық жолмен алу; жарықтардың барлық түрі).

- Пластикалық және реконструктивтік оталар.

- Урологиялық ашық, жабық түрдегі уро-эндоскопиялық және реконструктивті оталар.

- Сүйктерге жабық түрдегі БИОС, сүйектерге ашық түрдегі металлостеосинтез жасау.

- Жамбас-сан буынына ашық түрдегі эндопротездік оталар жасау.

- Артроскоп арқылы буын ішіне оталарды жасау.

Бүгінгі таңда минимальды инвазивті әдіс ретінде лапароскопиялық оталар жасалуда. Екі жыл көлемінде 202 лапароскопиялық холецистэктомия отасы жасалған.



Деонтология терминін алғаш рет адамгершілік теориясына қолдана отырып енгізген Джереми Бентам (1834) болды. Джереми Бентам ағылшын философы, заңгер, Лондон университетінің негізін қалаушылардың бірі болған. Ұйымдастырушы және экономист Бентам ғылымда утилитаризм теориясының жеке бағытын жасап шығарушы ретінде де танымал. Оның айтуы бойынша адамның кез келген қызметі адамдарға беретін пайдасы жағынан бағалануы тиіс. 21 жасында Бентам өлгеннен кейін өзінің денесін анатомиялық тәжірибелер жасауға ұсынып, ал тек қаңқасы қалғанда киімін кигізіп, басын кептіріп, көрінетін жерге қою туралы келісім-хат жазып қалдырған, яғни барлығына әрбір адам өмірінде өлгеннен кейін де пайда келтіруі қажет дегенді еске салғысы келді. Бентам өзінің концепциясын «деонтология» деп атады.





Төрт этикалық қағидаттар: қайырымдылық, автономия, әділеттілік және және толыққанды медициналық көмек. Қағидаттардың күнделікті қолданылуын талқыламамас бұрын әрбіріне жеке сипаттама бергеніміз жөн болар.

Қайырымдылық қағидаты: «Мен емделушіге мейіріммен қараймын немесе ең болмағанда зиян келтірмеймін» Қайырымдылық дегеніміз емделушіге зерек және ілтипатты көзқараспен қарау, науқас денсаулық жағайының күрделігімен барабар емдеудің оңтайлы әдістерін таңдау, емделушінің медициналық араласуға дайындығы және қабілеттілігі. Ең бастысы, медициналық қызметкердің кез келген әрекеті нақты емделушінің жағдайын жақсартуға бағытталуы шарт!



Автономия қағидаты әрбір емделушіге және оның шешімдеріне сыйластықпен қарауды талап етеді. Кез келген адам мақсат ретінде қарастырылғанмен, сол мақсатқа жеткізетін құрал ретінде қарастырылмайды. Медициналық көмектің құпиялылықты, емделушінің мәдениетін, дінін, саяси және өзген де көзқарастарын сыйлау, медициналық шара қолдануларға ақпаратты келісім беру, күтуді бірлесе жоспарлау және жүзеге асыру, сонымен қатар, емделушінің өз бетімен шешім қабылдауы, немесе осы емделушінің заңды өкілінің шешім қабылдауы сынды аспектілері автономия қағидатымен байланысты. Әділдік қағидаты/ зиян келтірмеу- медицина қызметкерлерінің мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына, мамандығына және сыртқы ахуалдарға қарамастан барлық емделушілерге бірдей қарау және бәріне бірдей көмек көрсету.





Емделуші мен оның туыстары немесе өзге де медицина қызметкерлері арасындағы кикілжің туындаған жағдайларда, осы қағидатты басшылыққа ала отырып, біздер емделушінің мүддесін қорғауымыз қажет.

Толыққанды медициналық көмек көрсету қағидаты кәсіби медициналық көмекті және емделушіге кәсіби көзқарасты, сапалы диагностикалау және емдеу жүргізу үшін денсаулық сақтаудың барлық мүмкіндігін қолдануды, профилактикалық шараларды және паллиативті көмек көрсетуді көздейді. Осы қағидат денсаулық сақтау саласына қатысты барлық заңнамалық нормалардың сақталуын, сонымен қатар этикалық кодекстің барлық ережелерінің сақталуын талап етеді. Медицина қызметкерінің рухани жауапкершілігі оның медициналық этиканың барлық қағидаттарын сақтауын тұспалдайды.



Medical Placement SU

www.su.edu



«Медбике-емделуші»
арасындағы қарым-қатынастар:

Медициналық бике
емделушімен сабырлы әрі ашық
жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі
тұрпайы немесе тым ресми
сөйлесуге тыйым салынады.
Науқастарға «Сіз» деп және аты
мен әкесінің атын атап сөйлескен
жөн.

Науқастың жанында тұрып оның
диагнозын, емдеу жоспарын
талқылауға, палатадағы өзге де
науқастардың денсаулығын
әңгімелеуге тыйым салынады.

Күрделі және ауырсындыратын
емшараларды бастамас бұрын
медбике осы емшаралардың
мәнін, мағынасын және
қажеттілігін түсінікті түрде
науқасқа түсіндіруі және
тыныштандыруы қажет.



«Медбике-дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

Сұхбаттасу кезінде дөрекі сөйлесуге тыйым салынады;

Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс;

Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тиіс;

Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда, науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.



Қорытынды

Дәрігер өзімен-өзі қызмет етпейді, ол — медициналық мекеме ұжымының мүшесі. Ол ұжымдағы дұрыс өзара қарым-қатынастар қай тұрғыдан алып қарағанда да маңызды. Оның қалыпты болуы мекеменің емдік және ғылыми беделін, сондай-ақ сырқаттардың көз алдында дәрігер айбынын асырады. Әрбір дәрігер өзінің күнделікті қызметінде емделушілер алдында, тіпті түптеп алғанда қоғам алдында өзінің жеке және ұжымдық жауапкершіліктерін сезініп отыруы тиіс. Жеке жауапкершілік дәрігердің теориялық білімін тереңдету мен практикалық дағдыларын жетілдіру, өзінің қадағалауларын сыни тұрғыда талдау, қателіктерді зерттеу, аға буыннан үйрену және әдебиеттерді оқу негізінде кәсіби біліктілігін ұдайы көтеруге тұрақты ұмтылыстан бастауы алғаны жөн.

